

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

болады, мысалы, сурет жақтаулары, мүсінделер, шамдар және т. б.

Жез: бұл металдың жарқын алтын реңктері бар, ол интерьерге сәнді көрініс береді. Жезді крандар, есік тұтқалары, шамдар және т. б. сияқты әртүрлі интерьер элементтерін жасау үшін пайдалануға болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Метал туралы жалпы ақпарат. Сілтеме: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D1%82%D0%B0%D0%BB%D0%BB%D1%8B>
2. Метал. Сілтеме : <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D1%82%D0%B0%D0%BB%D0%B4%D0%B0%D1%80>
3. Дизайндағы метал материалы: <https://www.stankoff.ru/blog/post/403?ysclid=lfwton9hst827679100>

ОӘЖ 725.85

## ҚАЛАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАҒЫ СПОРТТЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Жумабаева Керемет Сакенқызы**

*keremet.sakenkyzy@bk.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының  
5 курс студенті, Астана, Қазақстан,

**Ералы Эльмира Әнуарбекқызы**

*el\_murasy@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының аға  
оқытушысы, Астана, Қазақстан

Соңғы жылдары Қазақстандағы спорт пен спорт нысандарының дамуы, спорт ғимараттарына жұмсалатын мемлекеттік қаражат көлемінің ұлғаюы қоғамдық және салалық нәтижелер мен көрсеткіштердің өсуіне үлкен әсерін тигізуде. Бұл орайда қалалық инфрақұрылымдағы спорттық ғимараттарды дамыту мәселелерін қарастыру және оларды анықтау үшін спорт нысандары туралы қазіргі әдебиеттерге шолу жүргізу маңызды. Қазақстандағы спортқа және спорт ғимараттарын дамытуға деген қазіргі қызығушылықпен қатар, болашақта спорт нысандарын дамытуға да жаңа көзқарас қалыптастыру қажет екендігі айқын айтуға болады.

Қазіргі уақытта қалалық инфрақұрылымдағы спорт ғимараттары құрылысының қарқынды жүзеге асуы қоғамның белсенділігін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Ал спорт ғимараттары санының ұлғаюы мен спорт ғимараттарын дамытуға байланысты мәселелерді зерттеу мен зерделеу қажеттілігін туындатады. Көптеген зерттеу нәтижелеріне қарамастан, қалалық инфрақұрылымдағы спорттық ғимараттарды дамыту туралы пікірталастар әлі де жалғасуда. Бұндай нысандардың қалалық инфрақұрылымға және оларға іргелес қалалық аймақтарға әсер ету қабілеті көптеген факторларға, соның ішінде құрылымдардың орналасуына, контекстіне және пайдаланылуына, адамдар арасындағы спорт мәдениетіне байланысты.

Спорттық ғимараттардың инфрақұрылымдағы маңызы мен мүмкіндіктерін айтатын болса: Қазақстандағы спорт ғимараттары санының тұрақты өсуі және спортпен айналысуға деген қызығушылықтың өсуі, мемлекеттің спорттың қоғамдық маңыздылығын мойындауын, спорт ғимараттарын құруға да, спортты басқаруға да жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізуді растайтын негізгі көрсеткіштер болып табылады. Спорттық ғимараттардың қала инфрақұрылымындағы тиімділігінің маңызды шарттарының бірі тек қаржылық табыс алу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік сектордың міндеттерін, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт талаптарын жүзеге асыру, әр түрлі бағыттар мен мамандандырулардың спорттық

инфрақұрылымын толық дамыту, халыққа дене шынықтыру және спорт қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қоғамдық орталықтар мен спорттық кешендер азаматтардың физикалық және психикалық денсаулығына пайдасын тигізеді. Үнемі және тиімді жаттығу жасайтын адамдардың денсаулығы қалыпты және аурулардың пайда болу қаупін төмен қалыпта сақтайды. Жаттығу адамның қан жасушаларының санын көбейтуге және денедегі иммундық жүйені нығайтуға көмектеседі. Қоғамдағы дене шынықтырудың мақсаты, оның қоғам мәдениетіндегі аспектілердің бірі ретінде негіздеуге болады, оның маңызы мен адамның физикалық жетілуі мен салауатты өмір салтындағы негізі ретінде спорттық нысанға тікелей байланысын тигізеді. Мәдениеттің кез келген аспектісі – адамның дамуы мен жетілуіне тікелей әсер етеді. Спорт адамзат өмірінде көптеген ғасырлар бойы маңызды рөл атқарады.

Спорт, нарық және экономикалық жағдайлар әрқашан үлкен айырмашылықты тудырса да, тәжірибе көрсеткендей, жаңадан салынған заманауи спорт нысандары көбінесе футбол клубтары мен стадиондарын дамыту мен белсендіруге жағдай жасайды. Ал стадиондарды тиімді пайдалану қосымша табыс мүмкіндіктерін жасай алады және клубтардың тұрақты коммерциялық өсуіне платформа бола алады. Спорттық ғимараттың анықтамасы ашық спорттық аймақтардан жабық аренаға, спорттық кешендер мен бір реттік немесе көп мақсатты стадиондарға дейін ерекшеленеді. Қалалық инфрақұрылымдағы спорт кешені кішігірім жергілікті қоғамдастыққа қызмет ететін және қалалық инфрақұрылымдағы әлеуметтік құрылымның бір бөлігін құрайтын мақсатты қоғамға арналған ғимарат ретінде саналады.

Қазақстандағы спорт және мәдениет саласындағы әлеует пен мүмкіндіктер келесі бағыттар бойынша дамытуды қажет етеді:

1) тұрақтылық пен қауіпсіздікті қолдау үшін дағдыларға, мүмкіндіктерге, ресурстар мен активтерге инвестициялау арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, спорттық, көркемдік және мәдени ұйымдардың әлеуетін қолдау, басшылық ету және арттыру;

2) әр түрлі әлеуметтік топтағы адамдардың спортпен шұғылдануын ынталандыру үшін қол жетімділікті қамтамасыз ету;

3) объектілерге тең құқықты қол жеткізуді қамтамасыз ету және стратегиялық маңызды өңірлік ашық кеңістіктерді қорғау үшін ашық қоғамдық кеңістіктер құру;

4) спорттағы, демалыстағы, мәдениеттегі, өнердегі және жергілікті өзін-өзі басқарудағы дағдылардағы қателіктер мен кемшіліктерді анықтау және жою;

5) спорт және демалыс, мәдениет және өнер секторларын функционалдық және қолжетімді объектілермен жаратқандыру.

Спорттық инфрақұрылымды дамыту алға қойылған негізгі мақсаттардан (ұлттық спорт түрлерін молайту және елеулі дамыту және елдің халықаралық имиджі бойынша жұмыс) қоса бірқатар қосалқы мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді – жұмыс орындарын құру, жерді пайдалануға әсер ету, жерді пайдалануды ынталандыру, жергілікті спорт саясатын дамыту, туризм индустриясын ынталандыру (оның маңызды сегменті спорттық туризм), азаматтарды бұқаралық спортқа тарту арқылы олардың денсаулығын жақсарту арқылы демографиялық жағдайды жақсарту [1].

Денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт қызметтеріне қойылатын талаптар мен міндеттер тұтынушылардың мүдделерін ескеріп, келесідей жауапкершіліктерге сүйенеді:

- тұтынушылардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- қауіпсіздік және экологиялық тазалық;
- әртүрлі біліктіліктегі спортшыларды дайындау жүйесі;
- қызметтерді орындаудың дәлдігі және біліктілігі;
- эргономика және қызметтердің жайлылығы;
- қызметтердің эстетикасы мен көңіл көтеруі;
- қызмет көрсету персоналының этикасы;
- көрсетілетін қызметтердің әлеуметтік және жас ерекшеліктерін анықтау;
- қызметтерді көрсету кезінде қажетті медициналық қолдау және бақылау.

Кәсіби спортпен шұғылдануға арналған нысандардан басқа, бүгінгі таңда халық көп шоғырланған, жоғары урбанизацияланған қалаларда адамдар жұмыс күнінен кейін демалуға болатын рекреациялық типтегі нысандарды қолдану қажеттілігін туындатады. Сондай-ақ, басым міндеттердің бірі спорттық жарыстардан басқа мәдени және ойын-сауық іс-шараларын өткізуге қызмет ететін спорттық ғимараттарды көп мақсатты пайдалану болып табылады. Осылайша, пайдаланылған спорт ғимараттары қаржылық-экономикалық тұрғыдан тиімді объектілерге айналады.

Дамыған елдердегі спорттық ғимараттардың инфрақұрылымдағы орны мен әсеріне келетін болса, алдыңғы қатарлы шет мемлекеттерде спорт және дене шынықтыру қозғалысының дамуында ең алдымен қоғам дамуындағы спорттың рөлін, адамның салауатты өмір салтын қалыптастырудағы қажеттілігін түсіну үлкен рөл атқарады. Сондықтан мектепте, колледжде, университетте спортпен шұғылдану жас ұрпақтың денсаулығы үшін спорттық кешендер дамыған заманауи көрсеткіштерге бағынады. Көптеген дамыған шет елдерде жергілікті билік органдарының негізгі рөлі дене шынықтырумен және спортпен айналысатындардың барлығына көмек көрсету және барлық салаларда және қауымдастықтарда бірдей жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Дамыған заманда адамдардың спорт пен физикалық белсенділікке деген қызығушылығы денсаулықты жақсарту мен белсенді демалыспен тікелей байланысты.

Қазіргі әлемде спорттың жеке адамға және қоғамға оң әсерін көрсететін көзқарастар жүйесі басым. Сонымен қатар, Еуропа елдерінде тек саяси-әлеуметтік араласу ғана емес, сонымен қатар халықты лайықты спорттық қызметпен қамтамасыз ететін бұқаралық спортпен айналысатын қолжетімді нысандар да бар [3].

Дамыған елдерде әрбір спорттық ұйым өзінің функционалдық-нысаналы бағытына сәйкес оқу-жаттығу бағдарламаларын да таңдайды. Спорт ұйымдарының бағдарламаларын зерттей отырып, олар әртүрлі спорт түрлерімен және дене шынықтырумен айналысуда халықтың мотивтеріне бағытталғанын атап өткен жөн. Ол үшін шетелде спорт кешендерін мен ұйымдарының тапсырысы бойынша халыққа жүйелі түрде әлеуметтік сауалнама жүргізіледі.

80-ші жылдардың басынан бастап дамыған батыс елдерінде гедонистік тұжырымдама деп аталатын жаңа бос уақыт философиясы басым бола бастады. Ол спорт ғимараттарындағы жаттығушыларға нақты міндеттерді қою арқылы денсаулықты жақсарту және сақтау мүмкіндігіне бағыттанды. Сондықтан бұл философия спорттық-сауықтыру қызметтері саласында айтарлықтай өзгерістерге әкелді. Осы ережелер мен талаптардың арқасында спорттық кешендер мен ғимараттарға деген талаптар мен міндеттер күрделі өзгерістерден өтті. Жаңа заманауи және сәулеттік шешімдердің орындалуы жаттығушылар мен қоғамның ұсыныстары мен талаптарына көзделді. Қазіргі заманғы шетелдік спорттық ғимараттар – бұл тек спорттық-сауықтыру ғана емес, сонымен қатар ойын-сауық, білім беру, сауда және іскерлік қызметтердің керемет кешендері.

Жаңа типтегі спорттық ғимараттар мен орталықтар әдетте дәстүрлі шағын және орта клубтармен қатар орналасқан жеке немесе коммерциялық ұйымдар болып табылады. Клиенттердің әртүрлі сұраныстарын қанағаттандыру және оларға жоғары сапалы қызмет көрсету ғимараттың коммерциялық табысы мен өмір сүруінің басты шарты болып табылады. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, спорттық-сауықтыру кешендері мен жаңа типтегі ғимараттар клиенттерден 9-10% артық ақы алады және орташа клубқа қарағанда 12-15% көп табыс табады және сәйкесінше өз бизнесін тезірек әрі сапалы түрде кеңейтеді. Спорттық ғимараттардың заманауи сәулеттік шешімдері спорт кешендерінің ұмытылмас бейнелеріне бағытталады. Сәулетшілер спорт ғимараты қаланың немесе елді мекеннің символына айналуы және олардың дамуына ықпал етуі үшін заманауи технологиялар мен шешімдерге сүйенеді. Жаңа технологиялар мен конструкторлық шешімдер, мысалы шатыр және пневматикалық қабықшалар, сондай-ақ алдын-ала дайындалған және тез құрастырылатын металл конструкциялар спорттық ғимараттардың түрін өзгерту мен жаңартуға арналған.

Қорыта келе, дене шынықтыру және спорт саласындағы қазіргі әлемнің тенденциялары, әсіресе дене шынықтыру іс-шараларын, спорттық жарыстарды, оқу-жаттығу процестерін және бұқаралық ойын-сауық іс-шараларын өткізетін нысандар мен басқа да спорт нысандарын белсенді дамыту қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі уақытта Қазақстанның мемлекеттік саясаты ел тұрғындарының денсаулығын сақтау және ең алдымен жас ұрпақтың денсаулығын нығайту мәселелеріне басымдық береді.

Соңғы жылдары мемлекеттің осы бағыттағы елеулі күш-жігеріне қарамастан, елде дене шынықтыру мен спортқа мемлекеттік бюджеттің шығыстарын ұлғайту қажеттілігі әлі де бар. Осы мәселелер бойынша дене шынықтыру және спортты басқару органдарының, спортшылардың, жаттықтырушылар мен мамандардың ұсыныстарын зерделеу іс жүзінде барлығы аталған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге байланысты екенін көрсетеді. Бұл бюджеттен бөлінетін қаражатты айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. И.В. Понкип. Ұлттық жаңғыртудың басымды бағыттарының бірі ретінде тиімді спорт инфрақұрылымын құру // Әлеуметтану ғылымдары бойынша академиялық зерттеу жұмысы. РХДУ хабаршысы. Заң ғылымдары топтамасы. – 2011. – № 4. – 121 б.

2. Berk R.A. Statistical learning from a regression perspective / R. A. Berk. - 2nd ed. - Cham: Springer, 2016. - XXV, 347 с. : ил., табл. - (Springer texts in statistics). - Springer. - Библиогр.: с. 333-342.

3. «Ресей Федерациясының Президенті жанындағы дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі кеңес» ресми сайты. [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <<http://www.sportsovet.ru>> (1.12.2014).

УДК 712.00

## **ЭТАПЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ЛАНДШАФТНОГО ДИЗАЙНА**

**Жумадила Алия Николаевна**

[alya-zhumadil@yandex.ru](mailto:alya-zhumadil@yandex.ru)

Старший преподаватель кафедры «Дизайн и инженерная графика»  
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Задачей ландшафтного проектирования является создание комфортной зоны проживания, максимально соответствующей вкусам и способу жизни хозяев. Ландшафтное проектирование поможет рационально преобразовать территорию участка, грамотно распределить зоны построек, отдыха и зеленые зоны.

Чтобы создать гармоничный ландшафтный дизайн, нужен не только отменный вкус, но и специальные знания, поддержанные опытом. Работа начинается с определения стилиевой концепции ландшафта. Чтобы дизайн проект участка был качественным, а значит, оптимально использующим денежные средства, силы, материалы и время, тщательно изучаются особенности территории (Рис.1).

Ландшафтный проект участка является результатом сложной многоэтапной работы; он может дать наглядное представление об окончательном виде приусадебной территории. Специфика ландшафтного проектирования в том, что основными средствами создания композиции являются природные элементы – растительность, рельеф, вода, зоофауна, а также искусственные (антропогенные) – малые архитектурные формы, декоративная скульптура, визуальные коммуникации, водные устройства, декоративное покрытие, и т.д. Наследие ландшафтного проектирования, ландшафтного дизайна поистине неисчерпаемо. Каждая эпоха, каждая страна оставила и продолжает умножать число произведений ландшафтного зодчества, олицетворяющего непрерывную и живую связь человека с окружающей его природной средой.